



III деңгей . Бір буынды сөздерді оқу. №1

От, он, үш, бес, ал, ор, ши, жи, ет, ас, ақ, бар, тар, шаң, таң, жел, ер, төр, ай, тай, шәй, ой, той, бай, қу. (25 сөз)



III деңгей . Бір буынды сөздерді оқу. №2

Ту, су, жу, ду, бу, ал, ол, жүн, шөп, көк, күн, түн, сүт, ит, кит, өр, өс, өш, доп, дос, тар, тап, қап, жап, жер. (25 сөз)



III деңгей . Бір буынды сөздерді оқу. №3

Бір, жүр, түр, кер, ти, сый, бет, жет, тор, ау, аш, тай, жәй, гүл, сүр, сұр, би, дәу, тау, ки, төрт, өрт, шет, тал, қас. (25 сөз)



III деңгей . Екі буынды сөздерді оқу. №4

А-та, а-ға, О-тан, а-нар, а-ра, ә-ке, ша-ра, қа-ра, да-ла, са-бақ, жа-лау, қа-ғаз, түл-кі, еш-кі, се-гіз, то-ғыз, та-лап, ша-пан, ға-рыш, та-ра, рә-міз, дәп-тер, қа-лам, қас-қыр, са-бын. (25 сөз)



III деңгей . Екі буынды сөздерді оқу. №5

Ай-на, о-рақ, та-рақ, ба-лық, ша-бақ, ақ-қу, ва-гон, жү-зім, мы-сық, қо-ңыз, сыр-ға, ұ-шақ, ы-дыс, шәй-нек, ү-тік, кі-тап, қон-жық, кір-пі, е-тік, е-мен, Е-сен, гау-һар, жиһаз, ба-тыр, а-ғаш. (25 сөз)



II деңгей. Екі буынды сөздерді оқу. №6

Қа-ла, Ай-дын, ше-лек, ө-рік, кө-рік, қо-зы, құ-лын, ша-һар, жи-һаз, қо-ян, зи-ян, ға-лам, кір-пі, жұм-бақ, ма-қал, сә-біз, ең-бек, Ер-мек, көк-тем, кө-мір, ба-ла, бо-та, аң-дар, ор-ман, ма-са. (25 сөз)



II деңгей. Екі буынды сөздерді оқу. №7

Ма-та, дәм-ді, та-ғам, су-рет, же-ті, ы-рыс, ша-на, қы-зыл, ай-ран, әп-ке, ше-ше, қаң-тар, ақ-пан, бақ-ша, бал-та, та-яз, ша-ян, қа-зақ, қы-зық, ба-тыр, қа-тар, тәт-ті, су-сын, шах-мат, хок-кей. (25 сөз)



II деңгей. Екі, үш буынды сөздерді оқу. №8

Ә-же, жа-ңа, та-ға, ө-лең, кө-мек, ке-сек, кір-піш, не-ге, ше-ге, ой-ын, нау-рыз, кө-же, сә-уір, тә-уір, құс-тар, е-гін, ше-гін, се-бет, же-міс, ал-мұрт, сә-біз, ә-лем, Ә-сем, Тал-ғат, сый-лық. (25 сөз)



II деңгей. Екі, үш буынды сөздерді оқу. №9

А-ға, а-ша, ор-та, тө-мен, жақ-сы, күн-діз, бас-та, тас-та, аш-па, айт-па, ем-ші, дә-рі, ем-дік, қа-бық, бұ-тақ, ти-ін, қо-ян, шор-тан, са-пар, ұш-қыш, жұл-дыз, те-мір, Ә-мір, ша-шу, та-ту. (25 сөз)



II деңгей. Екі, үш буынды сөздерді оқу. №10

О-қу, то-қу, ұс-таз, мек-теп, о-зат, қар-ға, тор-ғай, бүр-кіт, то-ғыз, ә-ріп, Жа-нар, а-пан, қу-ан, Ме-рей, си-ыр, тү-йе, жыл-қы, ө-рік, жаң-ғақ, фер-ма, фир-ма, це-мент, өр-мек, е-сік, е-ден. (25 сөз)



II деңгей. Үш буынды сөздерді оқу. №11

Ба-ла-қай, қа-ра-ғай, та-маша, те-ре-зе, ба-ла-лар, тас-ба-қа, ке-ре-ге, ше-ге-ле, а-рыс-тан, жол-ба-рыс, то-қыл-дақ, қа-лам-сап, қа-рын-даш, күн-де-лік, дом-бы-ра, о-қу-шы, мек-теп-те, са-бақ-та, дос-тар-мен, та-би-ғат, үл-кен-дер, от-бас-сы, сы-нып-та, жел-тоқ-сан, че-мо-дан. (25 сөз)



II деңгей. Үш буынды сөздерді оқу. №12

Ме-ре-ке, бе-ре-ке, қа-һар-ман, жи-һан-кез, қы-зыл-ша, қы-за-нақ, ой-ын-шық, құр-мет-теу, і-рім-шік, бау-ыр-сақ, те-ле-граф, те-ле-фон, эс-ки-мо, дас-тар-хан, ем-ха-на, ас-ха-на, шәй-ха-на, ө-нер-паз, е-тік-ші, дә-рі-гер, қо-нақ-жай, бал-қай-мақ, зер-гер-лік, а-қыл-ды, жо-лау-шы, жа-зу-шы. (25 сөз)



II деңгей. Үш буынды сөздерді оқу. №13

Ас-та-на, Бәй-те-рек, Ақ-ор-да, Ал-ма-ты, ха-лық-тың, мақ-та-ныш, рә-міз-дер, ел-бас-сы, ер-жү-рек, қай-рат-кер, қа-һар-ман, ма-ман-дық, мү-сін-ші, ға-рыш-кер, ор-ман, шы, дә-рі-гер, жол-се-рік, ба-лық-шы, ас-паз-шы, құ-лын-шак, бо-та-қан, бә-тең-ке, ақ-қа-ла, жаң-быр-лы, қа-һар-лы. (25 сөз)



II деңгей. Үш буынды сөздерді оқу. №14

Құр-ал-дар, хай-уа-нат, жол-ба-рыс, қар-лы-ғаш, ден-сау-лық, ай-бат-ты, та-за-лық, та-ма-ша, фут-бол-шы, шах-мат-шы, ба-тыр-лық, ә-деп-ті, ө-нер-лі, тәр-тіп-ті, ең-бек-қор, кіш-кен-тай, жа-пы-рақ, ға-лам-шар, си-қыр-лы, күй-та-бақ, ба-ла-қай, ес-керт-кіш, а-тақ-ты, қо-нақ-тар, қуа-ныш-ты. (25 сөз)



I деңгей. Үш - төрт буынды сөздерді оқу. №15

Та-ма-ша, ә-уе-жай, бал-дыр-ған-дар, ше-гірт-ке, те-ле-граф, ө-сім-дік-тер, кө-бе-лек-тер, гүл-дер-ге, қыз-ғал-дақ-ты, жол-жел-кен, ши-па-лы, до-ла-на, Ы-рыс-ты, Кен-де-бай, жыл-қы-ның, дос-тық-ты, нау-бай-ха-на, ше-бер-ха-на, ұс-та-ха-на, кем-пір-қо-сақ, рес-пуб-ли-ка, ер-те-гі, әң-гі-ме, О-тан-шыл, а-та-ме-кен. (25 сөз)



I деңгей. Үш - төрт буынды сөздерді оқу. №16

Сы-нып-та, қа-рын-дас, от-бас-сы, сый-лас-тық, дүй-сен-бі, сей-мен-бі, сәр-сен-бі., бей-сен-бі, жек-сен-бі, Қа-ра-ған-ды, Өс-ке-мен, Түр-кіс-тан, шаш-та-раз, кө-мек-те-су, кі-тап-ха-на, күр-ке-тау-ық, жақ-сы-лық, қам-қор-лық, бәй-ше-шек, қа-лам-пыр, ме-ре-ке, ба-қыт-ты, же-тіс-тік, сол-түс-тік, оң-түс-тік. (25 сөз)



I деңгей. Өлеңді мәнерлеп, минутқа оқу. №17

Туған жер

С.Сейфуллин

Кеңсің дала,
Туған ана.
Көйлегің кең, көк ала,
Жан беретін,
Тән беретін,
Мейірімді сен ғана. (15 сөз)




I деңгей. Өлеңді мәнерлеп оқу. №18

Алматы қаласы.

С.Оспанов

Жап-жасыл ағашы,
Қып-қызыл алмасы.
Ақ басты тауы бар,
Алматы қаласы.
Ақындар ағасы,
Тұр Абай данасы.
Көшесі көрікті,
Алматы қаласы. (21 сөз)



I деңгей. Өлеңді, мәнерлеп минутқа оқу. №19

Ұшқыш болам.

Т.Молдағалиев

Көкке ұшамын,
Ұшқыш болар баламын.
Соңына ерем,
Мұсабаевтай ағаның,
Батыр болам,
Көк аспанды сүйемін.
Жұлдыздарға,
Бары-келіп жүремін. (18 сөз)



I деңгей. Өлеңді мәнерлеп, минутқа оқу. №20

Дәрігер

Ө.Тұрманжанов

Ақ желеңді киемін,
Аппақ болып жүремін.
Аппақ болып жүргенді,
Өзім өте сүйемін.
Дәрігермін мен деймін,
Кәрі әжемді емдеймін.
Көп-көп ішіп дәріні,
Кәрілікті жең, деймін. (25 сөз)



I деңгей. Өлеңді мәнерлеп, минутқа оқу. №21

Төрт түлік жыры

І.Жансүгіров

Бөрте лак

Шөре-шөре, лағым,
Тентек болма, шырағым!
Секектеме, демінді ал,
Селтендемей құлағың.

Құлыншағым –құндызым

Құлыншағым-құндызым,
Құлдырайды шабады.
Жылтыңдаған жұлдызым,
Құстай қанат қағады. (23 сөз)



I деңгей. Мақалдарды дұрыс, түсініп, минутқа оқу. №22

1. Ер-дәулеті еңбек.
2. Еңбегіне қарай- өнбегі.
3. Еңбек ерлікке жеткізеді.
Ерлік елдікке жеткізеді.
4. Гүл өсірсең терлеп,
Мұның аты еңбек. (18 сөз)



I деңгей. Мақалдарды дұрыс, түсініп, минутқа оқу. №23

1. Ақыл-жас ұланнан,
Жүйрік- тай құаннан
2. Әдептілік белгісі-иіліп сәлем бергені.
3. Бала-көңілдің гүлі, көздің нұры.
4. Ақылды қария- ағып жатқан дария. (21 сөз)



I деңгей. Мақалдарды дұрыс, түсініп, минутқа оқу. №24

1. Бірлік болмай, тірлік болмас.
2. Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.
3. Досы көппен сыйлас,
Досы жоқпен сырлас.
4. Жақсы туса-ел ырысы,
Жаңбыр жауса-жер ырысы. (26 сөз)



I деңгей. Мақалдарды дұрыс, түсініп, минутқа оқу. №25

1. Ақыл азбайды,
Білім тозбайды.
2. Білекті- бірді жығады,
Білімді -мыңды жығады.
3. Оқу - инемен құдық қазғандай.
4. Ақылды бала-арлы бала,
Ақылсыз бала-сорлы бала. (22 сөз)



I деңгей. Мәтінді түсініп, минутқа оқу. №26

Біздің сынып

Біздің сынып, екінші қабатта. Сыныптың іші кең, таза, жарық. Сыныпта гүлдер өсіп тұр. Гүл сынып бөлмесінің ауасын тазартып, сыныпқа көрік береді. Кезеші оқушылар гүлдерге күнара су құйып, күтіп, баптайды. (29 сөз)



I деңгей. Мәтінді түсініп, минутқа оқу. №27

Менің отбасым

Менің отбасым үлкен. Отбасымызда: атам, әжем, әкем, анам, ағам, әпкем және үйдің кенжесі мен. Ата мен әжем зейнеткер. Әкем- жүргізуші. Анам- сатушы. Ағам студент, әпкем, бесінші сыныпта, ал мен бірінші сыныпта оқимын. Біздің отбасы өте тату тұрады. (37 сөз)




I деңгей. Мәтінді түсініп, минутқа оқу. №28

Жыл мезгілдері

Бір жылда төрт мезгіл бар; қыс, көктем, жаз, күз. Әр мезгілде үш айдан бар. Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан. Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз. Күз айлары: Қыркүйек, қазан, қараша.

Маған қыс мезгілі ұнайды..... (38 сөз)



I деңгей. Мәтінді түсініп, минутқа оқу. №29

Апта

Бір айда төрт апта бар. Бір аптада жеті күн бар. Олар: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. Біз аптаның бес күнінде оқимыз. Әр күніміз сауат ашу сабағында қызықты ертегі, әңгіме тыңдап, жұмбақ шешумен өтеді.

(35 сөз)



I деңгей. Мәтінді түсініп, минутқа оқу. №30

Ұлттық ойындар.

Әр ұлттың өзінің ұлттық ойындары болады. Сол сияқты қазақ халқының да ұлттық ойындары бар. Мысалы: «Асық» ойыны шапшандыққа, дәлдікке, мергендікке үйретсе, «Тоғызқұмалақ» ойыны математикадан логикалық жылдам ойлауға үйретеді. Одан басқа «Ақсүйек», «Ханталапай», «Тақия тастамақ» деген ойындары да бар. (38 сөз)



I деңгей. Мәтінді түсініп, минутқа оқу. №31

Біздің Отан

Біздің Отанымыз-Қазақстан Республикасы. Қазақстан-Тәуелсіз мемлекет. Елімздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Еліміздің астанасы –Нұр-Сұлтан қаласы.Еліміздің өзіне тән рәміздері де бар. Олар: Ту,Гимн, Герб. (28 сөз)



I деңгей. Мәтінді түсініп, минутқа оқу. №32

Қыс қызығы

Әр мезгілдің өз қызығы бар. Балаларға әсіресе қыс мезгілі ұнайды. Себебі, қысқы ойындар өте қызықты. Қардан «Аққала» жасау, шана, шаңғы тебу, конькимен мұз үстінде сырғанау, қар атысу. Міне, нағыз қызық.
(30 сөз)



I деңгей. Мәтінді түсініп, минутқа оқу. №33

Дүкенде.

Біздің үйдің маңында үлкен азық-түлік дүкені бар. Дүкенде күнделікті қажетті тағамдар сатылады: нан, сүт, май, қант, айран, ірімшік, дәмді тоқаштар. Мен дүкеннен нан, май, тәтті тоқаш сатып алдым. (29 сөз)



I деңгей. Мәтінді түсініп, минутқа оқу. №34

Хайуанаттар бағы

Биылғы жазғы демалыс мен үшін өте қызықты өтті. Себебі, суреттен, теледидардан көрген хайуанаттарды өз көзіммен көріп қатты риза болдым. Анам, інім, мен үшеуіміз хайуанаттар бағында көптеген аң-құстарды көрдік: Піл, арыстан, жолбарыс, қасқыр, түлкі, тиін, қоян, маймыл.Құстар да әдемі: аққу, аққұтан, бүркіт, тырна,дегелек, дуадақ.
Демалыс көңілді өтті. (48 сөз)